



Инженерия факультет деканы
Аббашев К. К.

2024 ж.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбаттасу бағдарламасы

Негізгі мәліметтер			
Факультет/кафедра	Инженерия факультеті / Көліктік техника және логистика		
Оқу бағдарламасының шифры мен атауы	8D07102 — Көлік, көлік техникасы және технологиялары		
Дисциплина	Сұхбаттасу бағдарламасы		
Оқы нысаны	Күндізгі		
	Атағы/лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Құрастырушылар	т.ғ.к., профессор	Сембаев Н.С.	<i>Сембаев</i>
	доктор PhD	Сулейменов А.Д.	<i>Сулейменов</i>
Кафедра меңгерушісі	т.ғ.к., профессор	Сембаев Н.С.	<i>Сембаев</i>
Факультет ОӘК төрағасы	PhD, постдокторант (ғылыми дәрежесі бар)	Жакупов А. Н.	<i>Жакупов</i>
Кафедра отырысында қарастырылды		Протокол/Мерзімі	30/05/2024 № 10
Факультет отырысында ОӘК қарастырылды		Протокол/Мерзімі	24/06/2024 № 12
Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №66 өзгерістер енгізілген 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленді			

Оқуға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. Сұхбаттасудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты магистратурада «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша алған ЖОО түлектерінің білімдерін тексеру мен бағалау. 8D07102 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқу жоғарғы ЖОО білімінен кейінгі жүйеде жалғасы болып табылады және магистратураға дайындық оқу жоспарымен қарастырылған пәндер білімдеріне негізделген.

Түсу емтиханының мақсаты неғұрлым даярланған үміткерлерді анықтау үшін докторантураның білім беру бағдарламаларына түсушілердің білім деңгейін және оқуға деген ынтасын анықтау болып табылады.

Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар, шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты (ағылшын тілі IELTS 5.5-тен кем емес және сертификат басқа тілдерде ұқсас) және (QAZTEST) бар тұлғалар қабылданады.

Түсу емтиханының міндеттері:

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;

- оқуға және одан әрі кәсіби қызметке деген ынтаны анықтау.

8D07102 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанттарын даярлаудың негізгі міндеттері::

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;

- оқуға және одан әрі кәсіби қызметке деген ынтаны анықтау;

- жалпы кәсіби мәдениеті, оның ішінде азаматтық ұстанымы бар, қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, жоғары оқу орындарында сабақ бере алатын, зерттеу, өндірістік, ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметін табысты жүзеге асыра алатын қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау.

Докторантураның жалпы құзыреті:

білуі керек: жаһандану және интернационализация жағдайында отандық ғылымның дамуының қазіргі тенденциялары, бағыттары мен заңдылықтарын; ғылыми таным әдіснамасын; тиісті саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін.

менгеруі керек: ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдау, бағалау және салыстыру және қорытынды жасау; әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және өңдеу; қазіргі заманғы теориялар мен талдау әдістері негізінде дербес ғылыми зерттеу жүргізу; өзінің әрі қарай кәсіби дамуын жоспарлау және болжау.

дағдыларға не болу: түрлі ғылыми теориялар мен идеяларды сыни талдау, бағалау және салыстыру; талдамалық және эксперименттік ғылыми қызмет; Зерттеу нәтижелерін жоспарлау және болжау; халықаралық ғылыми форумдарда, конференцияларда және семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеу; ғылыми жазу және ғылыми коммуникация; қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, патенттік іздеу және ғылыми ақпарат жүргізу.

ақпараттық ағындардың тез жаңаруы және өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізуде; ғылыми зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қою мен шешуде; тұрақты кәсіби өсуді қамтамасыз етуде **құзыретті болуы тиіс.**

2. Сұхбаттасуды өткізудің формасы мен ұйымдастырылуы

Сұхбаттасу өткізуінің формасы – ауызша. Сұхбаттасуға арналған жалпы баллдардың саны – 30. Баллдарды бағалау критерийлері бойынша бөлу төменде берілген.

Сұхбаттасуды 8D07102 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша тиісті бейінге сай доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан қалыптасатын емтихан комиссиясы өткізеді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының құрамы оның төрағасымен қоса, университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

Сұхбаттасу бойынша қорытынды баға дескрипторларға сәйкестікке бағаланған ауызша жауап үшін әрбір критерий бойынша балл сомасы болып табылады және 30 баллдан аспауға тиіс.

Сұхбаттасу нәтижелері емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні хабарланады.

Комиссия түсушілердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің белгіленген жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша нақты білім, іскерлік және практикалық дағдылар деңгейін, жауаптардың қисындылығы мен дәлелділігін, ғылыми қызметке уәжділігі мен қызығушылығын, ғылыми негіз бен ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін айқындайды.

3. Сұхбатты бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Баллдар
Ғылыми қызметке кірісу мотивациясы	Тұлғаның қажеттіліктері мен мақсаттарына, оның мүдделеріне, сенімдеріне, ғылыми шығармашылық жағдайларына, зияткерлік жетістікке ұмтылуына, ғылыми нәтижеге қол жеткізуіне байланысты іс-әрекеттің қалыптасуы мен мотивтерін ұсынудың толықтығы.	15
Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі, ғылымның, саланың өзекті аспектілері туралы білім	Түсушінің ғылыми дүниетанымы, ғылыми ақпараттың әртүрлі көздерін білу және қолдану, қазіргі қоғамның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылымның рөлі мен қызметін түсіну.	7,5
Логика және дәлел	Оқуға түсушінің дәлелдер келтіру және өз ұстанымын негіздеу қабілеті; дәлелділік, қисындылық, реттілік және сөйлеудің сенімділігі.	7,5

4. Сұхбаттасу үшін тақырыптар мен сұрақтардың үлгілер тізбесі (тұжырымдамаларды тәжірибелік мысалдармен растай отырып негіздеу)

- 1 Қазақстандағы көлік саласының қазіргі жағдайы.
- 2 Қазақстанның көлік саласы: дамудың жаңа перспективалары мен векторлары.
- 3 Көлік техникасы саласындағы ең маңызды заманауи тенденциялар.
- 4 Қазіргі қоғамдағы ғылымның рөлі.
- 5 Көлік техникасындағы жасанды интеллект пен машиналық оқытудың рөлі.
- 6 Көлік техникасымен байланысты экологиялық проблемалар және оларды шешу жолдары.
- 7 Қазақстанның көлік саласындағы мәселелер және оларды еңсеру жолдары.
- 8 Патенттік қызмет және оны іске асыру жолдары.
- 9 Көлік құралдарын жобалаудың негізгі принциптері
- 10 Сенімділік мәселесінің өзектілігі.
- 11 Жоғары рейтингті журналдарда ғылыми жарияланымның сәттілігі.
- 12 Көлік техникасын дамытудағы баламалы отын түрлерінің рөлі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспары, 14.06.2023 ж.
3. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы «27» наурыздағы №85/3 «Павлодар облысының 2030 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын іске асыру туралы» қаулысы.
4. Баубек А. Техническое обслуживание и диагностика автомобилей: учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2010. – 243 с.
5. Грачев Ю. П., Плаксин Ю. М., Математические методы планирования экспериментов: учебное пособие для вузов. – М.: ДеЛи, 2005. – 296 с.
6. Силаев А.А. Спектральная теория подрессоривания транспортных машин. –М.: Машгиз, 2004. – 190 с.
7. Болдин А. П., Максимов В. А. Основы научных исследований и УНИРС: учебное пособие. – 2-е изд., перераб. И доп.: МАДИ (ГТУ), 2005. –276 с.
8. Яхно Б.О. Abaqus в задачах механики. – Киев : НТУУ «Киевский политехнический Институт», 2011. – 127 с.
9. Нұржауов А. Трактор теориясы негіздері: жоо үшін оқулық. Алматы: ҚР жоғары кеңесінің Баспаханасы, ҚР Білім министірлігінің республикалық баспа кабинеті. 2014 – 332 б.